

**«№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК  
жиналысының жария талқылау хаттамасы**

**11 шілде 2024 жыл**

**Шымкент қаласы**

Қатысқандар: №1 Облыстық перинаталдық орталығы басшысының м.а. С.У.Джабагиева, басшының орынбасарлары м.у.а. К.Абжаппарова, Н.Жусипов, А.Мусралиева және бөлім меңгерушілері, дәрігерлер мен медициналық қызметкерлері.

Күн тәртібі: Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасын талқылау;

Төрағалық етуші К.Абжаппарова 2024 жылғы 08-11 шілде аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының орындау мақсатында Кәсіпорынның 2024 жылғы 11 сәуір № 94-н/қ бұйрығымен құрылған топпен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Нәтижесінде Кәсіпорынның персоналды басқару қызметінде жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелін анықтады. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша баяндамашы комплаенс қызметіне жауапты маман А.Тагаева сөз сөйледі.

Баяндамашы кәсіпорынның персоналды басқару қызметіне катысты ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топпен кемшілік анықтады: Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау жөніндегі кейбір бұйрықтарда жұмыспен камту орталығының жолдамалары және үміткерлердің Jumys Smart Nation порталы арқылы өткен хаттамалары көрсетілмеген.

Төрағалық етуші сөз кезегін алып, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтып, қатаң бақылауға алу қажеттілігін тапсырды. Заңнама талаптарын сақтауды қатан ескертті.

Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасын талқылау жүргізу жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшілікті болашақта болдырмау мақсатында жұмыстар жасалсын.

**Төрағалық етуші**

**К.О.Абжаппарова**

**Жиналыс хатшысы**

**А.Тагаева**